

Көшеге атау беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Төңкеріс ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 14 тамыздағы N 97 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте N 5964 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына және облыстық ономастикалық комиссиясының 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 1 қорытындысына сәйкес Төңкеріс ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шиелі ауданы Төңкеріс ауылдық округінің Шеген Қодаманов ауылындағы атауы жоқ көшеге "Сәрсен Әлиев" есімі берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төңкеріс ауылдық округі әкімі

М. Әшірбеков